

БІЛІМ БЕРУДЕ БЕЙНЕӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада білім беру үрдісінде бейне, көрнекілік әдістерді қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Түйінді сөздер: технология, мультимедиа, бейне, кескін.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается эффективность использования видео и визуальных методов в образовательном процессе.

Ключевые слова: технология, мультимедиа, видео, графика.

ABSTRACT

In the article efficiency of the use of video and visual methods is examined in an educational process.

Keywords: technology, multimedia, video, graphic arts.

Бүгінгі күні ақпараттық технология кең көлемде оқыту мен педагогикалық ұйымдастыру қызметінде барлық оқу орындарында қолданылады. Қоғамды ақпараттандыру үрдісі және олармен тығыз байланысты білім беру іс-әрекеттері түрлерін ақпараттандыру, ақпараттық технологияларды жаппай тарату мен жетілдіру үрдісімен сипатталады. Осындай технологиялар қазіргі кездегі ашық және қашықтан білім беру жүйесінде ақпаратты таратуда және оқытушы мен оқушының бірлескен әрекетін қамтамасыз етуде белсенді түрде қолдана бастады. Қазіргі заман оқытушысы ақпараттық технологиялар біліммен ғана емес, сонымен қатар оның өзінің кәсіби қызметінде пайдалануға мамандануы қажет.

Ақпараттық технологиялар арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасау керек. Оқу орындарында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану нәтижесінде, адам машықтанған потенциалды тұлғаға айналуы, өзінен -өзі түсінікті.

Ақпараттық технологиялардың қолданылуының басты себебі қазіргі уақытта мұғалімдер оқушылар бойында сабақ барысында оқуға деген қызығушылық деңгейінің төмендеуімен, өз бетінше жұмыс істеудегі салғырттық, тіпті оқуға деген қызығушылықтары болмаумен байланысты проблемаларға тап болуда. Балалардың оқуға деген қызығушылықтың жойылуының бірден-бір себептерінің бастысы, әсіресе, сабақтардың бірсарынды өтуі болып табылады. Күнделікті ұстаздың ізденіссіздігі сабақ беруде бірсарындыққа әкеп соғады, ал бұл бірқалыптылық өз кезегінде баланың бойындағы қызығушылықтың жойылуына басты себеп болады. Сабақты ұйымдастыруға тек шығармашылық тұрғыдан келу, оның қайталанбастығы, мысалдардың, әдістердің және ұйымдастыру формаларының әр алуандығы ғана сабақтың тартымдылығын, оқушылардың қызығушылығын арттыра алады. Оқушының танымдық деңгейін арттырудың көптеген тәсілдері бар. Олардың бірі бұл оқушылардың танымдық деңгейін арттыру мен олардың зейінін аудартуға көмектесетін бейнефильмдер мен мультимедиа технологияларын қолдану.

Қазіргі уақытта бейнеәдістерді қолдану көптеген экрандық ақпарат көздерінің – мультимедиалық кешендер, бейнемагнитофондар, бейнепроекторлар, компьютерлердің жаңа мүмкіндіктері (мультимедиалық тұсаукесерлер, үйретуші бейнефайлдар, желі арқылы оқыту) пайда болуына байланысты өзекті болып отыр. Бейнеәдістер оқыту үрдісінде қолданылатын ақпарат түрлерін тиянақты түрде қарап шығуға, белгілі бір жұмысты қадам–қадам бойынша түсіндіру кезінде қажетті мүмкіндіктер береді және бұл әдісті жаңа материалды оқыту, қайталау, бекіту, талдау және бақылау үшін кеңінен қолдануға болады.

Бұл әдіс экрандағы ақпаратты көрнекі қабылдау принципіне негізделген және балалардың танымдық қасиеттерін дамытуға, олардың сабаққа деген қызығушылықтарын қарқынды түрде арттыруға ерекше септігін тигізеді.

Бұл әдіс ақпаратты көрнекі түрде қабылдау негізіне сүйенеді. Берілген әдістің оқыту және тәрбиелеу функциясы көрнекі сұлбалардың жоғары тиімділіктігіне негізделеді. Көрнекі түрде ұсынылған ақпарат қабылдауға жеңіл және бала зердесінде жақсы, әрі жылдам сақталады.


Білім беру үрдісінде бейнеәдісті қолдану мынадай мүмкіндіктер береді:

- оқушыларға зерттелетін құбылыс және үрдіс туралы толық, әрі ақиқат ақпарат беру;
- білім беру үрдісіндегі көрнекіліктің маңыздылығын арттыру;
- оқушылардың сұраныстары мен қызығушылықтарын қанағаттандыру;
- мұғалімнің техникалық жұмысының білімді басқару мен коррекциялаумен байланысты бір бөлігінен босату;
- тиімді кері байланысты орнықтыру;
- толық, әрі жүйелі басқаруды, үлгімді объективті түрде тіркеуді ұйымдастыру.

Бейнеәдістің көмегімен көптеген дидактикалық және тәрбиелеу алғышарттары шешіледі. Ол мына жағдайларда әсіресе тиімді:

- 1) жаңа материалды түсіндіруде;
- 2) күрделі механизмдердің, үрдістердің, графикалық модельдердің әрекеттер принципіннің динамикасын түсіндіруде;
- 3) ауқымды жұмыстық үрдістерді бақылауда;
- 4) бейнеқұжаттарды ұсыну, өмірмен байланысты күшейтуде;
- 5) құрылғының ішкі бөлігінде іске асатын жасырын үрдістерді бақылауда;
- 6) оқу-жаттығушылық және зерттеу жұмыстары үшін мәліметтер қорын құруда;
- 7) білім беру үрдісін рационализациялау, оның өнімділігін арттыру, ғылыми ақпаратты тасымалдау және қабылдаудың тиімді көлемін педагогикалық басқару сапасын арттыру жолымен қамтамасыздандыруда.

Мультимедиялық бейне сабақтарды дайындауда қолданылатын көптеген компьютерлік бағдарламалар бар. Солардың бірі TechSmith компаниясының Snagit бағдарламасы болып табылады (1-сурет).



1-сурет. Snagit бағдарламасының интерфейсі

Snagit бағдарламасының көмегімен қолданушылар кез-келген кескінді, айналу жолақтары бар терезелерді, объектілерді, мәзірді, видео, мәтін және веб – парақтарды түсіріп, оларды өзгертіп, электронды пошта арқылы жіберуге, PowerPoint, MS Office бағдарламаларында, сауда және маркетингтік, техникалық құжаттарда, веб-сайт және блогтарда қолдануға мүмкіндік алады.

Сонымен қатар бұл бағдарлама стандартты графикалық кескіндермен қоса, экранда болып жатқан үрдістерді бейнеге түсіруге мүмкіндік береді. Бейнежазбаны түсіру кезіндегі бағдарламаның негізгі жұмыс істеу принципі – тұтынушының, мұғалімнің жасап жатқан барлық іс – әрекеттерін белгілі бір файлға *.avi кеңейтіліміне жазып отырады. Осылай дайындалған бейнефрагменттер белгілі информатика пәнінің жекелеген сұрақтарын қамтитын, қандай да бір тақырыпты түсіндіретін қысқаша фильмге ұқсас болып шығады.

Қорыта айтсақ, білім беруде осындай тиімді әдістерді қолдану, білім беру сапасын арттырады, білім алушының білімге деген қызығушылығын, олардың өзбетімен жұмыс жасауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жетелейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Разумный Д.В. Проблемы применения видеофильмов в учебном процессе средней школы // Телекоммуникации и информатизация образования.-2001. - №4
2. Бидайбеков Е. Ы., Лапчик М. П., Нұрбекова Ж. К., Сағымбаева А. Е., Жарасова Г. С., Оспанова Н. Н., Исабаева Д. Н. Информатиканы оқыту әдістемесі. Алматы, 2014г

Цыганова Алла Дмитриевна
старший преподаватель кафедры ИиКТ, доцент КГПИ,
г. Костанай

ОЛИМПИАДНАЯ ИНФОРМАТИКА КАК СПОСОБ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧИТЕЛЯ ИНФОРМАТИКИ В ОБЛАСТИ ПРОГРАММИРОВАНИЯ

АННОТАЦИЯ

Мақалада информатика мұғалімінің бағдарламалау саласында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Қойылған мәселердің шешу нұсқаларының бірі күрделілігі жоғары олимпиадалық стандартты емес, логикалық есептерді шешу әдістерін зерттеу болып табылады. Теру үлгісіндегі есептерді шешу алгоритмін оңтайландыру әдістерінің бірі – графтағы

***Түйінді сөздер:** олимпиадаға сай есептерді шешу әдістері, алгоритм, іріктелу типтегі есептер, графтағы алгоритмдар.*

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются вопросы формирования профессиональной компетентности учителя информатики в области программирования. Одним из вариантов решения поставленного вопроса является изучение методов решения нестандартных, логических задач олимпиадного характера, задач повышенной сложности. Рассматривается один из методов оптимизации алгоритма решения задач переборного типа – алгоритмы на графах.

***Ключевые слова:** методы решения задач олимпиадного характера, алгоритм, задачи переборного типа, алгоритмы на графах.*

ABSTRACT

The article deals with the formation of the professional competence of the teacher of computer science in the field of programming. One solution to the question is the study of methods for solving Olympiad non-standard logical tasks of high complexity. The author considers a method of optimization the algorithm for solving tasks such as tasks of exhaustive search. This method is a method of algorithms on graphs.

***Keywords:** the methods for solving Olympiad tasks, algorithm, tasks of exhaustive search, algorithms on graphs.*

Решение задач повышенной сложности, нестандартных, логических задач – необходимое условие глубокого понимания основ любого предмета. Почти в каждом классе (особенно в классах естественно-математического направления) найдётся обычно хоть и небольшая, но очень важная группа сильных учащихся. Сильные ученики способны работать самостоятельно, обладают высокой мотивацией к учению, любознательностью, упорством.